

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 15 наурыздағы № 169 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 13 желтоқсандағы № 1348 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымына мүше мемлекеттердің әскери-экономикалық ынтымақтастығы жөніндегі мемлекетаралық комиссияның қазақстандық бөлігі туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 15 наурыздағы № 169 қаулысына мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымына мүше мемлекеттердің әскери-экономикалық ынтымақтастығы жөніндегі мемлекетаралық комиссияның қазақстандық бөлігінің құрамына мыналар енгізілсін:

Жанжүменов - Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің
Талғат Жеңісұлы орынбасары, генерал-майор, тең төраға,

Сәрсенов - Қазақстан Республикасы Индустрия және
Бауыржан Нұрланұлы жаңа технологиялар министрлігі Өнеркәсіп
комитеті төрағасының орынбасары, тең төрағаның
орынбасары,

Сыздықов - Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің Әлнұр
Аманжолұлы Әскери-техникалық саясат департаменті
әскери-техникалық ынтымақтастық бөлімінің
бастығы, жауапты хатшы;

көрсетілген құрамнан Кәрібай Тілеубергенұлы Әбілезов, Қажымұрат Нұрғалиұлы
Мейірманов және Өміржан Рахатұлы Тәшімов шығарылсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі *К. Мәсімов*